Мектебіміздің шарты бойынша жаңадан келген 7 сыныптарға хор және домбыра үйірмесіне 100 % қатысу міндетті болды.




Оқушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мен халқымыздың мәдениетін танытуда «Қазақ әндері» және «100 күй» жобаларының маңызы зор. Бұл ретте мектебіміздің домбыра үйірмесі аясында этно-фольклорлық «Нұр сазы» ансамблі жұмыс жасайды. 7 сынып оқушылары домбыра үйірмесіне белсене қатысады. Сынып сағаттарында оқушылар күй мен ел тарихын байланыстыра танысады. Әдет-ғұрып, салт-дәстүрімізді ұлтымыздың ұлылығын танып, рухани құндылығы саналатын күй тарихының оқушылар үшін маңызы зор. «Нұр сазы» ансамблі барлық мерекелік шараға қатысады, биылғы жылы қатары 7-сынып оқушыларымен толықты. Бұл сыныптардың домбыра үйірмесіне қызығушылығы зор.



Екінші тоқсан басында, “Qazaq Ballet Magazine” ғаламтор-журнал, Қазақстан Федерациясының ЮНЕСКО Клубтары мен Алматы мемлекеттік галерея көмегімен ұйымдастырылған «Танец Сердца. Полет души» атты республикалық конкурс өз мәресіне жетті.

Қазылар алқасы отырысының нәтижесінде таңдалған 80 финалистің қатарына, «ПТИЦЫ В НЕБЕ И НА ЗЕМЛЕ» номинациясында, алматылық ХББ НЗМ-нің 12 "В" сынып оқушылары Рахимжанова Мадлена мен Домбай Жәмилә кірді.



"Нұр-сазы" домбыралар үйірмесі "Атамекен" Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы патриоттық өнер байқауы "Аспапта ойнау" номинациясы бойынша **I дәрежелі Дипломмен** марапатталды.

Сонымен қатар, Республикалық балалар мен жасөспірімдер арасында өткен **"Жұлдызды таланттар фестивалі - 2021"** байқауына қатысып ең үздік өнер көрсеткені үшін **Бас жүлдемен** марапатталады.

Алматы қаласы ХББ НЗМ-нің "Нұр сазы" ансамблі "Атамекен" республикалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы патриоттық өнер байқауында **"Аспапта ойнау" номинациясы бойынша I орын** жүлдегері атанды

Қазіргі таңда "100 күй" жобасы аясында әлеуметтік желі-инстаграмда nisdombyraclub атты парақшаны үйірме жетекшісі Барлықов Е.Ғ. жүргізеді. Бұл парақшаның мақсаты- қазіргі заман талабына сай оқушылардың көп бөлігі әлеуметтік желіде отыруына байланысты ұлттық музыка арқылы патриоттылыққа жетелеп, рухани мәдениетін дамыту, құндылықтарымызды сақтауға тәрбиелеу болып табылады. «100 күй» жобасы аясында «Домбыра Пати» өткізіліп, екі топ мүшелері күй ойнап, бір-бірінен іліп алып өз өнерлерімен тындармандардың қызығушылықтарын арттырды. Екі топта керемет өнер иелері екенін дәлелдеп, сайыс өз мәресіне жеткеннен соң бағалы сыйлықтарға ие болды





Мұғалімдердің төл мерекесі қарсаңында мектеп ұжымы “Салауатты өмір салтын ұстанамыз” мектепшіл тимбилдингке шықты. “Дені саудың жаны сау” деп таза ауадапорттық ойындары, би флешмобы, эстафета, баскетбол, “мұздату”, “простынбол” көңілді ойындар, жүгіру жарыстары дене шынықтыру және АӘД кафедрасының, психологтар мен қосымша оқыту мұғалімдерінің ұйымдастыруымен өтті.



Робототехникадан “World robot Olympiad” әлемдік чемпионаттың республикалық кезеңінде Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-ші сынып оқушылары Альтаир Жамбыл мен Шыңғысбек Балғабай робот жасаудан алға шығып, жеңімпаз атанды. Сайыстың негізгі ересек санатында бақ сынаған оқушылардың роботы “Power mix” тапсырманы үздік орындап шықты. Зияткерлердің жасақтаған роботы баламалы энергияны керекті жерге жеткізу болып табылады. Енді оқушылардың алдында Германияда өтетін әлем біріншілігі күтіп тұр.



Қосымша білім беруді тиімді ұйымдастыру оқушылардың жан-жақты дамуының бір кепілі. Бірақ оқушылардың көп бөлігі үйірмелерге қатыса алмайды. Оның бірнеше факторлары бар: түстен кейін белсенділіктің төмендеуі, академиялық үлгермеушілік, үй тапсырмасының көптігі, оқушылардың өз уақытын тиімді пайдалануды білмеуі. Осыған байланысты оқушылармен тайм-менеджментке қатысты жұмыстарды көбірек жүргізу керек, оқушының жеке даму траекториясын жасауда ескеру керек.

«100 кітап» жобасы – еліміздің әрбір азаматы оқуға тиісті кітаптарды оқу, талқылауға бағытталған жоба. Аталған жобаны қолдау мақсатында ДББҰ «Назарбаев зияткерлік мектептеріне» 100 кітаптың тізімін ұсынған болатын. Тізімде қазақтың танымал 60 классикалық шығармасы және әлемдік 40 әдеби кітап бар. «Кітап оқу уақытында» балалар мен үлкендердің қолынан ұлттық үздік шығарма — М. Әуезовтің «Абай жолын», сондай-ақ, әлемге танымал жазушылар В.Гюго, Р.Р.Толкиендердің кітаптарын көруге болады.



Аталған тізімдегі Мұқағали Мақатаевтың «Үш бақытым» кітабын 7-сынып оқушыларымен талқылау сәті.



«Жетісу» шаңырағы, «Жабайы алма» шығармасын талдау сәті

«Ұлы дала ақындары»- «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының бастамасымен оқушылардың бойында тарихи сананы қалыптастыру, қазақ әдебиеті шығармашылығындағы классик ақын жазушылардың әдеби шығармаларын жас ұрпаққа насихаттау мақсатында бастау алған жоба. Біз аталған жоба бойынша Ғафу Қайырбековтың өмірбаянымен, шығармашылығымен оқушыларды таныстырып, ақынның толық образын ашу мақсатында әр сейсенбі шаралар өткізіліп тұрады. «Ұлы дала ақындары» жобасы аясында 7А және 8Л сынып оқушылары Ғ.Қайырбековтың шығармашылығымен танысып, «Қазақ әндері» жобасы аясында ақынның «Ана туралы жыр» (әнін жазған Ш.Қалдаяқов) әнінің шығу тарихымен танысты. 7А сынып оқушылары Алтынбай А., Мухаметжан А. ақынның өлеңдерін оқып, бейнеролик жасады. Ақынның шығармашылығы бойынша қорытынды сабақта 7А және 8Л сынып оқушылары ақынның өлеңдерін оқып, иллюстрация жасады.

«Алтын адам» шаңырағы жаңа жобаларды таныстыру барысында оқушылар өз қызығушылықтарын таныта отырып, Ғафу Қайырбековтың шығармаларын, Абайдың қара сөздері мен шығармаларын кураторлық сағаттарда талдап отырды. Сынып арасындағы «Мәнерлеп оқу» сайысында Орынбасар Арайлым, Куденова Айжар Ғ.Қайырбековтың өлеңдерін оқудан үздік атанды. Сонымен қатар **Республикалық мәнерлеп оқудан «Дарабоз»** сайысында Жүсіпхан Аманмырза және Орынбасар Арайлым бас жүлдені жеңіп алды. Сонымен қатар, «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасымен шаңырақ оқушылары кураторлық сағатынды танысты.



Үздік шаңырақ -2022 жылы атанған «Тұлпар» шаңырағы 12 «Д», 9 «К», 8 «М» сыныптары құрайды, кураторы Кудекова А. К. Туған елге тағзым (ТЕТ) өлкетану экспедициясымен Алматы облысының көрікті жерлеріне барып, түрлі



зерттеулерді жасап, өздеріне ғылыми жобаларының тақырыптарын айқындап , жыл бойы аталған жобалары бойынша зерттеулер жүргізуі болып саналады.

«Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында шаңырағымыздың 8 «М» сынып оқушылары қолөнер шебері Сағат Шекер әжеймен кездесті. Сағат әжей Қытайдан келген оралман. Өз әңгімесінде әже осы тоқыма өнеріне қалай келгені туралы және де осы өнерді өскелең ұрпаққа үйретіп кетсем деген арманы бар екенін айта кетті. Оқушыларға тоқыма өнерінің қыр-сырын айта отырып, Сағат әжей өзінің бес бала тәрбиелеп өсіріп , қазір қызы мен күйеу баласы Жапон мемлекетінде аудармашы болып жұмыс жасайтынын, ал ұлы мен келіні Америка Құрама Штатында еңбек ететінін айтты. Сөзінің аяғында әжей ұйымдастырушыларға , оқушыларға ризашылығын білдіріп , мектепке келіп оқушыларды тоқыма өнеріне үйретуге дайын екенін жеткізді.



Мектебімізде қолға алынған **TEDx** жобасының мақсаты оқушылардың бойында ғылыми-зерттеу, әріптестік қатынастар, шешендік өнерді дамыту, алуан түрлі көзқарастар мен пікірлерге құрметті қалыптастыру. Назарбаев Зияткерлік мектептері TED клубында оқушыларда қалыптасатын дағдылар - Назарбаев Зияткерлік мектептері TED клубында талқылаулар ашық, қызықты, сыпайылық пен әдептілік ережелеріне сай өтеді, оқушылар талқыланып тақырыптарға белсенді қатысуына жағдай жасалынған. Клубта оқушылар сұрақ қоюға, қарсыластарының сұрақтарына жауап беруге, жауаптарды талдауға, қойылған мәселе бойынша өз пікірлерін жеткізуге үйренеді.

Мектебімізде әр аптаның бейсенбі күні акт залда мектепшілік Tedx жобасы жүргізіледі. Мектепшілік Tedx жобасына өз идеясын таныстыру үшін шаңырақ ішінде сараланып, мықты спикер атану маңызды, сонымен қатар оқушылардан бөлек ұстаздар қауымы осы жылы өз идеяларын ортаға салып бастады. I тоқсанда мектебіміздің табалдырығын жаңадан аттаған 7-сынып оқушылары осы жобаға қызығушылығын ояту мақсатында мектебіміздің акт залында жобамыздың жетекшісі Қаипқали М.Ұ. TEDx жобасын жан-жақты түсіндіре отырып, оқушылардың көшбасшылық пен қатар шешендік өнерін дамытуына бірден-бір себеп болатынын атап өтті.

Әдептілік қағидаларын меңгерте отырып, зиянды әдеттерден бойларын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтын ұстануға дағдыландыру мақсатында Салауатты өмір-салтын ұстану орталығының дәрігер –наркологы Кенесбекова Салия Кенесбекқызымен «Электронды темекі туралы шындық» тақырыбы бойынша кездесу ұйымдастырылды. Осы кездесуде оқушылар өздеріне үлкен ой түйіп, әр адам үшін денсаулық ең басты байлық екенін, оны ешбір жағдайда басқа құнды нәрсеге айырбастауға болмайтынына көздері жетті. Документалды фильмдерден көріп, тәуелділік тудыратын заттардан өз еркімен бас тарту мүмкін емес екеніне, психоактивті заттар адамның еркінен күшті екенін түсінді.

2021-2022 оқу жылында оқушылар арасында Tedx жобасына қатысушы спикерлердің саны артты. Мектебімізде мектепшілік жаңадан келген 7-сынып оқушыларына Tedx жобасы өтті. Тақырыбы: «Tedx дегеніміз не және оның берер мүмкіндігі». Осы TEDx жобасын таныстыру арқылы оқушылар өздерінің белсенділіктерін көрсете отырып, өздерінің қызықты ойларымен бөліскісі келді.



TEDx жобасы оқушыға өз ойын ашық айту, дәлелді сөйлеп, пікірін дәйекті қорғай білу, басқа адамның ой-пікірін, көзқарасын сыйлау, тыңдай білу, басқа көзқарасқа құрмет қалыптастыру, жеке және топтық шешімдер қабылдауда маңызы зор болғандықтан әр шаңырақта бұл форматтығы ой талқылаулардың маңызы зор.

Кураторлар және мектеп психологымен біріккен тимбилдинг ұйымдастырылды. Мақсаты ата-аналар қауымдастығының бірлігін нығайту болатын. Оқушылар және ата-аналарымен «Біз біргеміз-біз мықтымыз» атты өткізілген іс-шараға 40 ата-ана, 23 оқушы қатысты. Ата-аналар бір – бірін жақсы тану мақсатында «Перде» ойыны ойнатылды. Қызықты ойыннан соң екі командаға бөліп «Арқан түйіні» ойыны берілді. Аталған ойынға, ата-аналар бар ынтасымен қатысып, ойынға деген қызығушылықтары артты. Ойын жалғасын тауып спорт алаңында «Гномики-домики» ойыны ойнатылды. Кеш батқанша волейбол, қызықты волейбол, тағыда басқа ойындар ойнатылып, кешке тарқасты.



Оқушылардың бойындағы ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ой-өрістерін, танымдық қабілеттерін дамыту, туған елінің, жерінің тарихына қызығушылығын арттыру, қазақстандық патриотизмді дамыту мақсатында 9 «К» сыныбында 15 қараша- ұлттық валюта күніне орай «Теңге- Тәуелсіздігіміздің символы» атты ашық куратор сағатын өткізгеннен соң, ҚР Ұлттық банкінің Ұлттық валютасы мұражайына барып, оқушылармен бірге Қазақстан аймағында теңгенің тарихымен терең танысып, мұражайдың сирек экспонаттарын тамашалап, терең мағлұмат алды.

«100 кітап», «Даналық бейсенбі» жобалары аясында тарих ғылымының кандидаты, жазушы Тлеуқабылова Раушан Төлеуовнамен кездесу өтті. Аталған іс –шараға 7-9 сынып оқушылары жақсы дайындықпен келіпті. Олар кітапты оқып, оны талдап, көкейлерінде тұрған сауалдарын қонаққа қойып жатты. Кітаптың жанры, осы туындының жалғасы жазыладыма, алдағы жоспарларыңыз қандай деген сұрақтар қойылып, қызықты сұхбат жалғасып жатты.

Рухани-адамгершілік даму бағыты бойынша 2021-2022 оқу жылына жылдың «Қоғамға қызмет» жобасының жылдық жоспары жасалып, шаңырақтарға қайырымдылық кестесі бөлінді. **Күтілетін нәтиже:** әлеуметтік жоба бойынша тиянақты жұмыс атқара отырып, оқушылардың ұйымшылдығы мен ұлттық тәрбиені бала бойына дарыту. Әрбір баланың қоғамда өзіндік орны бар екенін, жақсы қасиеттерді бала бойынан үнемі байқап отыру. Қарттар күні қарсаңында Алатау шаңырағының оқушылары Наурызбай ауданының қарттарына көмек көрсетілді. Ақсақалдардың хал-ахуалын білуімен қатар, ол кісімен әңгімелесіп, көңіл-күйін аулап қайтқан еді. Әңгіме барысында Қайырбек ата еліміздің өркендеп жатқанына, қазіргі жас буындарымыздың азаматтығына ризашылығын білдіріп, оқушыларымызға оқуда озат болуға тілектестігін білдірді.



«Қоғамға қызмет» жобасы аясында, «Қарттарым аман-сау жүрші» атты қайырымдылық акциясын өткізіп қайтты. Бұл іс-шараға 11 А сыныбының оқушылары мен қоғамға қызмет

жобасының координаторы: Кудекова А.К. қатысты. Бұл акцияның басты мақсаты: Алматы қаласындағы Қарттар үйіне әлеуметтік және рухани көмек көрсету, оқушыларды қайырымдылыққа, отансүйгіштікке шақыру болып табылады. Қазан айында өмірге келген қарттарымыздың туған күнімен құттықтап, қарттарға қамқорлық танытып, көңіл-күйлерін көтеру. Туған күн иелеріне арнап мерекелік дастарқан жайып, әр туған күн иесіне кішігірім сыйлықтарын табыстап қайтты. Қарттарымыздың барлығы оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, мектеп ұжымына үлкен алғысын білдірді.



«Қоғамға қызмет» жобасы бойынша, «Алтын адам» шаңырағы жоспар бойынша міндетті қайырымдылық желтоқсан және қараша айларында өздерінің «Charity and care», «Тайный санта» акцияларын өткізіп кетті. Сонымен қатар, кураторлары ұйымдастырған 16.05.2021 әлеуметтік жағдайы төмен отбасына көмек қолын созу мақсатындағы іс-шараға ата-аналар комитеті өз үлестерін қосты.

"Әнді сүйсең, менше сүй": «Екі жұлдыз – 2022» атты ән сайысы биыл «Қазақ әндері» жобасы аясында ұйымдастырылды. Шараның мақсаты қатысушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, дарындыларға қолдау көрсету, вокалдық өнерін дәріптеу, өнерге деген құштарлығын арттыру болып табылады. Байқауға мектебіміздің 14 жас әншілері мұғалімдермен жұптаса қатысып, бақ сынады. Қатысушылардың үстіндегі қазақы нақыштағы сәнді костюмдер мен аса талғампаздықпен таңдалған әсем әндер, түрлі-түсті жарықтармен көмкерілген сахна кештің ерекше өтуіне септігін тигізді. Сонымен сайыс қорытындысы бойынша III орынды 10 «К» сынып оқушысы Рахат Амина, II орынды 7 «D» сынып оқушысы Шамшат Сандуғаш, I орынды 11 «А» сынып оқушысы Нәби Саят иеленді. 8 «А» сыныбының қос аруы Еркін Айгерім мен Серибай Мадина бас жүлдеге ие болып, Екі жұлдыз -2022 атануға лайық деп танылды.

8 Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі қарсаңында 7,8,9 сынып оқушылары өздерінің аналары мен мұғалімдеріне арнап үш күнге созылған музыкалық кеш ұйымдастырды. Әр параллельдің концерттік бағдарламасы музыкалық нөмірлерімен, креативті қойылымдармен және билермен ерекшеленді. Көрермендерді үш күн бойы "Нұр сазы" халық аспаптар оркестріне кіретін жас музыканттар өздерінің орындаушылық шеберліктерімен қуантты.

Аналарға арнауды 9 сынып оқушылары бастады. 9 сынып оқушысы Санжар Әбжаппар Мұқағали Мақатаевтың "Ана, сен бақыттысың" атты поэтикалық шығармасын фортепиано Аяна Мәдиханованың "Хатико" фильміне жазылған белгілі саундтректің сүйемелдеуімен орындап шықты. Аяла Батанова өзі шығарған "Анама" өлеңін тарту етті. Сазды концертке ұлдар аса белсене қатысып, белгілі «Мушкетерлер» әнінің мәтінін аналарға арнап шырқап берді және сынып хорының орындауындағы "Ана туралы жыр" әніне биші ұлдар аналарын вальске шақырып, гүл сыйлаумен кешті аяқтады. Кеш аясында сынып вокалистері әндерін орындады, мектеп өмірі туралы қойылымдар қойылды.

Ата-ана мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты дамыту, отбасылық құндылықтарды насихаттау мақсатында «Мерейлі отбасы» сайысы ұйымдастырылды.

7-8-ші сыныптардың 5 жанұясы өзара шығармашылық, ән-би, аспаздық өнерлерін ортаға салды. Сайыс әр отбасының таныстыруымен бастап, «Ананың аялы алақаны» «Білгенге маржан» ойындармен жалғасып, «Өнерлі өрге жүзер» шығармашылық кезеңмен өз мәресіне жетті.

Әр отбасы қарқынды дайындықпен келгені бірінші кезеңнен-ақ білінді. Қатысушылар танымал сарындарға жанұяларына арнаған әндерін орындады, дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы екендерін көрсете білді. Ана мен баланың арасындағы жылы сезімдерін, сүйіспеншілігін байқатқан «Ананың аялы алақаны» ойыны қатысушыларды толқытып ерекше көңіл-күй сыйлады. Үй тапсырмасы әр жанұяда қалыптасқан аспаздық дәстүрлерді, оқушы мен ата-анасының үй ішіндегі тығыз байланысын, еңбекке баулу әр отбасыға тән қасиеттер екенін көрсетті. Зияткерлік мектептің мұғалімдерінен құралған қазылар алқасы «Мерейлі отбасы» сайысының қорытындысын шығарып, номинация иегерлері мен жүлдегерлерді атады. «Көңілді отбасы» номинациясы 7 «К» сыныбынан «Жаңа ұрпақ» тобына Турдибаевтар отбасы берілді. «Белсенді отбасы» номинацияның иегері болып 7 «D» сыныбының «Бір біргеміз» Кенжегалилер отбасы атанды. Осы топтағы зияткер оқушы Айбат сиқыршының нөмерімен көрермендердің ыстық ықыласында бөленді. Зорында - 7"С" сыныбынан «Алтын емель» тобы.

2-ші орынға Зияткерлік мектепте Ақан әулетінен 7"В" мен 8"L" сыныбында оқитын Ақназар мен Еркеназдың ата-анасы, әжесінен құралған «Ұлағат» тобы ие болды. 1-ші орынды 7 «А» сыныбының «Атамекен» тобы, оқушы Әбдірәсіл Кәусардың жанұясы жеңіп алды.

Отбасылық сайыста халық, замануи билерін орындап, шараға сән берген мектепшіл «Rahym's club» хореографиялық ансамблі. Көркем жетекшілері: Рахымжан мен Сабина Қошқарбаевтар.



«Даналық бейсенбі» жобасының мақсаты: Оқушылардың ғылымға, зерттеушілікке және жаңашылдыққа қызығушылықтарын арттыру. Ғылым, экономика және мәдениет саласындағы өзекті мәселелер бойынша қоғамдық көзқарастағы көшбасшылармен кездесу.

«Даналық бейсенбі» жобасы аясында, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ физика - математика ғылымдарының докторы, профессоры, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Абишев Медеу Ержановичпен кездесу болып өтті.

30 қараша 2021 жылы "Апорт" ойын-сауық- сауда- орталығында Алматы қаласындағы НЗМ домбырашылар флешмобының көрермендеріне айналды. Іс-шара Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың идеялары мен саясаты төңірегінде бірігудің символына айналған ҚР Тұңғыш Президенті күні мерекесіне арналды. Мереке қарсаңында республиканың барлық қалаларында Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылары

қазақстандықтарға инструменталды күй-шашу тарту етеді. Дәстүр бойынша Алматы қаласы ХББ Елбасы мектебінің "Нұр сазы" халық аспаптар оркестрі бес жыл бойы қаланың танымал орталығында өнер көрсетіп келеді. Бүгін мектеп домбырашылары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тілендиев күйлерін және халық шығармаларын орындады. Домбырашылар флешмобын мектептің вокалдық музыкалық ұжымдары мен "Нәзік" би ансамблі қолдады. Ұл балалар хорының орындауында Тұңғыш Президенттің туған өлкесіне арналған "Үш қоңыр" әні, "Астана", "Атамекен" патриоттық әндері шырқалды. Мектептің "Dream Team" вокалдық – инструменталдық ансамблі "Туған жер" әні мен сүйікті білім ордасына арнаған авторлық әндерін тарту етті. Іс-шараға мектептің хореографиялық ансамблінің жарқын билері ерекше айшық берді. Ұлттық өнерден шашу болған бұл шара «Мәңгілік елдің» құндылықтарын насихаттаудың бір түрі.



Мектебімізде Ішкі тәртіп ережесін сақталуын қадағалау және оны түсіндіру биылғы оқу жылында да қолға алынған. Қыркүйек айының бірінші және екінші аптасында 7-12 сыныптарға ішкі тәртіп ережесі мен академиялық шынайылықты сақтау ережесін түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кураторлық қызмет әр оқушыны аталаған ережемен таныстырып, танысу парақтарын толтырды. Мектебіміздің Тәртіптік кеңесі НЗМ ДББҰ нормативтік-құқықтық актілеріне сүйене отырып жұмыс істеді. Негізгі мақсаты: жағымды оқу ортасын қалыптастыру, оқушының әлеуметтік өсуін қамтамасыз ету, мектеп қауымдастығының арасында өзара құрметке негізделген қарым-қатынасты қалыптастыру.

Биылғы оқу жылында Википедия клубының жұмысы жанданып, клуб мүшелері белсенді түрде өз жұмыстарын насихаттады. Википедия сайтына мақала жариялаудың талаптарын түсіндіріп, аударма жасауды көрсетті.

«ВИКИПЕДИЯҒА» жарияланған мақалалар

№	ОҚУШЫ ЕСІМІ	СЫНЫП	КУРАТОРЫ	МАҚАЛА АТАУЫ	СІЛТЕМЕ
1	Садыкова Алина	10 «В»	Қаратілекова Б	A Song for Simeon	https://ru.wikipedia.org/wiki/A_Song_for_Simeon
2	Ердимурат А	12Е	Дүйсеке С	Нейтан Кресс	https://kk.wikipedia.org/wiki/Нейтан_Кресс
3	Айдын Бекзерде	7D	Балгимбаева А	Исаак Ньютон	https://kk.wikipedia.org/wiki/Исаак_Ньютон
4	Абдулла А	12F	Жеңіс Н	Биогеоценоз	https://kk.wikipedia.org/wiki/Биогеоценоз
5	Исаев Естай	11 «В»	Қаратілекова Балнұр	Қамажай	https://kk.m.wikipedia.org/wiki/%D2%9A%D0%B0%D0%BC%D0%B0%D0%B6%D0%B0%D0%B9
6	Аппазова Д	11М	Серікбаева Б	Редуценттер	https://kk.wikipedia.org/wiki/Редуценттер
7	Ерхан Д	12С	Қаратілекова Б	Даун синдром	https://kk.wikipedia.org/wiki/Даун_синдромы
8	Алтыбай Д	12Е	Жақсылық Е	Келвин Харрис	https://kk.wikipedia.org/wiki/Келвин_Харрис
9	Асанбай І	8В	Хамитова М	Алакөл қорығы	https://kk.wikipedia.org/wiki/Алакөл_қорығы
10	Алпысбек Ж	10В	Ақбаев А	Шағылысу қабілеттілігі	https://kk.wikipedia.org/wiki/Шағылысу_қабілеттілігі
11	Құрмамбай А	12С	Шайменов Б	Теңіз десанты	https://kk.wikipedia.org/wiki/Теңіз_десанты
12	Әбділда Ә	12А	Мамырова З	Ақ аю	https://kk.wikipedia.org/wiki/Ақ_аяу
13	Болат Еркебұлан	7В	Табылды Ә	Аристотель	https://kk.wikipedia.org/wiki/Аристотель
14	Айдаров Д	7В	Табылды Ә	Үрімжі	https://kk.wikipedia.org/wiki/Үрімжі

15	Бакизова Ж	12С	Шайменов Б	М.Мәтетова а	https://kk.wikipedia.org/wiki/Мәншүк_Жиенғалиқызы_Мәметова
16	Ердимурат А	12Е	Дүйсеке С	Су деңгейі	https://kk.wikipedia.org/wiki/Су_деңгейі
17	Аязбаева А.	11К	Маркабаева Ж.	Аударма	https://kk.wikipedia.org/w/index.php?title=Special:ContentTranslation&campaign=contributions-page#published
18	Касен Ж.	8L	Маркабаева Ж.	Отқа май күю	https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%9E%D1%82%D2%9B%D0%B0_%D0%BC%D0%B0%D0%B9_%D2%9B%D2%B1%D1%8E

Тәрбие жұмысы бойынша 2021-2022 оқу жылында атқарылған іс-шараларды қорытындылағандағы негізгі мәселелер:

Жалпы мектепшілік тәрбие жұмысы

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> - Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары жүзеге асырылды; - «Мәңгілік ел» құндылықтары мен мектеп құндылықтары насихатталды; - Ішкі тәртіп жүйесін іске асыру; - Әлеуметтік практикалардың қорытындысын шығару жәрмеңкесін өткізу; - «Қоғамға қызмет» жобасының түрлі форматта өтуі: қарттар үйіне бару, балалар үйіне бару, жәрмеңкенің өткізілуі, жеке отбасына көмек; - Мәдени орындарға экскурсиялардың ұйымдастырылуы; - Тарихи-танымдық экскурсиялардың ұйымдастырылуы; 	<ul style="list-style-type: none"> - Сыныптан тыс шаралар мен үйірмелерге оқушылардың қатысуы белсенділігінің төмендігі; - Ішкі тәртіп ережелерінің бұзылуының орын алуы. - Кейбір оқушылардың қоғамдық жұмыстарға араласудан бас тартуы;
Мүмкіндіктері	Қаупі
<ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік практикалар мен жобалар арқылы оқушыларға «Туған елге тағзым» жобасын насихаттау. Биылғы жылы бұл практикалар сыныптар арасында бөлінді. - Өз өміріне жауапты, зияткер тұлғаны дамытуға бағытталған қосымша білім беру жұмыстары мен іс-шараларды ұйымдастыруды жалғастыру. 	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушылардың өз уақытын тиімді пайдалана алмауы; - Кей оқушылардың жауапкершілігінің төмен болуы; - Батыстық мәдениеттің әсері; - Әлеуметтік желілердің оқушы психологиясына ықпалының көптігі;

- Тәрбие жұмысының дамуына үлес қосатын әдістемелік құралдарды талдау және өзге білім ордаларымен тәжірибе алмасу, тәжірибе тарату т.б

- Оқушылардың құндылықтарды қабылдамауы;

Шаңырақ қауымдастығы

Мықты тұстары	Әлсіз тұстары
<ul style="list-style-type: none"> - Мектеп парламентінің жұмысы бір жолға қойылды, жұмыстарын жоспарлап, жүзеге асыруда белсенділік танытты; - «Шаңырақ қауымдастығы» ішіндегі өзара көмек; - «Өзін-өзі басқару ұйымы» мүшелерінің тарапынан бастамалардың көбеюі және шаралар өткізу; - Психолог қызметкерлерінің ата-ана, мұғалім, куратор және оқушылармен тығыз қарым-қатынас орнатуы; - Жергілікті ұйымдармен, мәдениет орталықтарымен, қосымша білім беру қызметімен, денсаулық сақтау ұйымдарымен т.б байланыс орнатылды және ата-аналар тарапынан жоғары деңгейдегі қолдаулар көрсетілді; 	<ul style="list-style-type: none"> - Шаңырақ көшбасшыларының позициясының әлсіздігі, белсенділігінің төмендігі; - Сынып көшбасшыларының белсенділігінің төмендігі; -
Мүмкіндіктері	Қаупі
<ul style="list-style-type: none"> - Сынып көшбасшыларының белсенділігін жоғарылату; - Өзге білім ордаларының өзін-өзі басқару ұйымдарымен қарым-қатынас орнату, тәжірибе алмасу; - Өздігінен білім алуды насихаттау; - Көшбасшылықты дамытуға бағытталған шаралар өткізу; - Ата-ана қауымдастығының көшбасшылықты дамытуға байланысты үлес қосуын ұйымдастыру; 	<ul style="list-style-type: none"> - Оқушыларға ата-ананың ықпалының аздығы, отбасылық тәрбиенің жеткіліксіздігі;

Жалпы оқу жылындағы тәрбие жұмысының мазмұнына келсек жүзеге асырылған іс-шаралар мектебіміздің білім беру мен тәрбие саласындағы ұстанған саясатының аясында жүрді. Тәрбие жұмысы жоспарлы іс-шаралармен ғана шектелмейді, бүгінгі оқушы-ертеңгі еліміздің болашағы екенін ескере отырып күнделікті жүргізіп отырған тәрбие жұмысымыз барлық НЗМ-ің тәрбие жобаларында іске асырды.

IX. КАНИКУЛЯРНАЯ ШКОЛА

В период с 29.12.2021 по 14.01.2022 гг. на базе школы прошла зимняя Каникулярная школа (КШ). По результатам Виртуальной школы в КШ были зачислены 25 учащихся общеобразовательных школ, из них 11 с казахским языком обучения и 14 с русским. В группу с русским языком обучения 30 декабря был включен один ученик на основании письма №23-03/521 от 29 декабря 2021 года от директора НИШ ФМН г. Тараз, Абдрахмановой К. Итого в КШ обучились 26 учащихся.

Уроки в КШ проходили в традиционном формате 28-29 декабря 2021 года и в дистанционном формате на платформе Zoom 13-14 января 2022 года. Уроки проводились с 9.10 до 13.10 и дополнительно проводилась онлайн консультация по запросу. Для проведения уроков в КШ были привлечены 10 учителей. Это учителя математики Шамшаева А. М., Смагулова А. А.; биологии Қабаржан Ж. К., Темірхан Б. Т.; казахского языка Назиркулова Д. А., Мұқият Д.; русского языка Омарханова А. К., Кулбаева З. Т.; английского языка Жұмағұл Г. М., Амирова Д. С.



Во время каникулярной школы учащиеся изучали материалы курсов математика, естествознание, казахский язык, русский язык и английский язык и закрепляли знания тестовыми заданиями направленными на функциональную грамотность. Содержание курса способствовало развитию навыков логического и критического мышления, научило формулировать выводы и делать заключение на основе доказательств и обсуждения. На каждом уроке применялись демонстрационные материалы и презентации для лучшего визуального и кинестетического восприятия информации.


Ученики были полностью погружены в образовательный процесс каникулярной школы. Сложности с учениками не наблюдались, так как они с интересом изучали новые темы и быстро схватывали полученные знания. Также они умело могли применять свои навыки при решении задач и тестов.



X. ЛЕТНЯЯ ШКОЛА

На базе НИШ ХБН г. Алматы прошла Летняя школа в период с 26.05.2022 по 08.06.2022 гг. В 2021-2022 учебном году всего было охвачено летней школой 536 учащихся, что составляет 77,8 % от общего числа учащихся 7-ых, 8-ых, 9-ых и 11-ых классов¹. Количество учащихся из общеобразовательных школ из семей, относящихся к социально-уязвимым слоям населения составило 50 учеников 6-ых, 7-ых, 8-ых и 10-ых классов.

Диаграмма 1. Сравнение общего количества учащихся и участников летней школы.



Летняя школа для учащихся Назарбаев Интеллектуальных школ

Цель летней школы – Развитие академического потенциала и навыков проектно-исследовательской деятельности, а также содействие в комплексном социально-эстетическом развитии учащихся. Были поставлены следующие задачи:

- оказание поддержки учащимся в развитии практических навыков по предметам естественно-математического и гуманитарного циклов;
- развитие способностей учащихся к проведению проектно-исследовательской деятельности;
- развитие креативного мышления учащихся через проектную деятельность учащихся;
- оказание профориентационной поддержки учащимся в процессе выбора профиля обучения;
- подготовка учащихся к международным экзаменам;
- формирование у учащихся коммуникативных навыков;
- воспитание культуры поведения учащихся, основанной на принципах сотрудничества, взаимопомощи, взаимоуважения;

¹ Всего 689 учащихся 7-ых, 8-ых, 9-ых и 11-ых классов согласно Списку учащихся НИШ ХБН г. Алматы от 26 мая 2022 года.

- комплексное социально-эстетическое и физическое развитие учащихся через выбор оптимального режима физической активности и психологического климата.

Летняя школа начиналась в 08.30 и завершалась в 14.40. Учащиеся были охвачены 3-разовым питанием: завтрак, обед, полдник. Длительность уроков – 40 минут. Между уроками были 10-минутные перемены. Всего в день проводилось 6 уроков.

Таблица 1. Распорядок дня летней школы.

Время	Мероприятие
08.30-08.55	Завтрак
09.00-09.40	1-сессия
09.40-09.50	Перемена
09.50-10.30	2- сессия
10.30-10.40	Перемена
10.40-11.20	3- сессия
11.20-11.30	Перемена
11.30-12.10	4- сессия
12.10-12.50	Обед
12.50-13.30	5- сессия
13.30-13.40	Перемена
13.40-14.20	6- сессия
14.20-14.40	Полдник
14.40-15.00	Развозка

Летняя школа в 2021-2022 учебном году была организована так, чтобы учащиеся могли пройти курсы, рекомендованные учителями и курсы по их интересам. Так, составляющими компонентами летней школы стали:

- 1) Обязательный компонент – программы, рекомендованные преподавателями по усовершенствованию академических навыков.
- 2) Компонент по выбору – программы, по интересам учащихся.
- 3) Спортивно-эмоционально-профориентационный компонент – программы, направленные на укрепление здоровья, развитие эмоционального интеллекта и профессиональное самоопределение учащихся.

Учащимся были предложены 3 обязательных компонента, 2 компонента по выбору и 1 Спортивно-эмоционально-профориентационный компонент.

Сильные стороны	Слабые стороны
<ul style="list-style-type: none"> - охват 77,8 % учащихся летней школой; - широкий выбор программ для изучения; - успешное проведение практических и лабораторных занятий, направленных на развитие исследовательских навыков учащихся. 	<ul style="list-style-type: none"> - трудности в формировании групп и составлении расписания из-за широкого выбора программ; - сжатость курсов (10 часов); - высокая занятость учителей (проверка работ ВСО, подготовка к аттестации, командировки).
Рекомендации	
<ul style="list-style-type: none"> - включить выездные групповые мероприятия; - увеличить отведенное на курс время; - включить курсы по пению, танцам и игре на музыкальных инструментах. 	